

Review by the Scientific Supervisor
on the dissertation work of PhD candidate Oryngul Jumagazieva on the topic:
“Development of a rationale for the organizational and management
mechanisms of nurse activities under the disease management program”
specialty 6D110200 – Public Health

I have reviewed the dissertation work of PhD candidate Oryngul Jumagazieva, which presents a comprehensive study devoted to the development and justification of the organizational and managerial mechanisms of nurses' activity within the framework of the Disease Management Program (DMP) in the Republic of Kazakhstan.

The dissertation reflects a deep understanding of current global and national healthcare priorities and convincingly substantiates the need to strengthen the role of nurses in the management of chronic non-communicable diseases. The work is based on solid theoretical foundations, international experience, and modern approaches to public health management.

The author has successfully analyzed international and domestic experience in implementing disease management programs, focusing on the nurse's role as a coordinator and educator in improving patients' self-management skills. The study applies a complex methodology that includes analytical, sociological, and statistical methods, ensuring the validity and reliability of the results.

The proposed model of nursing activity in the implementation of the disease management program is scientifically grounded and practically oriented. It takes into account gender and age characteristics of patients and the specifics of Kazakhstan's primary health care system. The developed model contributes to improving the quality and continuity of care for patients with chronic diseases, increasing the effectiveness of nurses' activities, and enhancing the preventive orientation of healthcare services.

The dissertation demonstrates the author's independent research skills, ability to analyze complex health management processes, and propose evidence-based solutions. The scientific novelty, theoretical value, and practical significance of the research fully meet the requirements for PhD dissertations.

The results of this work can be used in the development of training programs for nurses, the modernization of primary healthcare, and the implementation of disease management programs at the national level.

Conclusion:

The dissertation of Oryngul Jenisbekovna Jumagazieva meets the requirements established for PhD dissertations in specialty 6D110200 – Public health. The work is recommended for public defense.

Foreign Scientific Advisor:

N.M. Terres, PhD

**6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша PhD кандидаты
Джумагазиева Орынгулдің ««Ауруды басқару бағдарламасында мейіргердің
ұйымдық және басқару механизмдерінің негіздемесін әзірлеу» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің пікірі**

Мен PhD кандидаты Джумагазиева Орынгулдың Қазақстан Республикасындағы Ауруларды басқару бағдарламасы (АББ) аясында мейіргер қызметінің ұйымдастыру және басқару механизмдерін әзірлеуге және негіздеуге арналған кешенді зерттеуді ұсынатын диссертациялық жұмысына шолу жасадым.

Диссертация қазіргі жаһандық және ұлттық денсаулық сақтау саласындағы басымдықтарды терең түсінуді көрсетеді және созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқаруда мейірбикелердің рөлін күшейту қажеттілігін негізді түрде дәлелдейді. Жұмыс берік теориялық негіздерге, халықаралық тәжірибеге және қоғамдық денсаулық сақтауды басқарудың заманауи тәсілдеріне негізделген.

Автор ауруларды басқару бағдарламаларын енгізудегі халықаралық және отандық тәжірибені жан-жақты талдап, пациенттердің өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіру үдерісінде мейірбикенің үйлестіруші және тәрбиеші ретіндегі рөліне ерекше назар аударған. Зерттеуде нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігін қамтамасыз ететін аналитикалық, әлеуметтанулық және статистикалық әдістерді қамтитын кешенді әдіснама қолданылған.

Ауруларды басқару бағдарламасын іске асырудағы мейірбике қызметінің ұсынылған моделі ғылыми тұрғыдан негізделген және практикалық бағытқа ие. Ол пациенттердің жыныстық және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ Қазақстанның бастапқы медициналық-санитариялық көмек жүйесінің ерекшеліктерін ескереді. Әзірленген модель созылмалы аурулары бар пациенттерге көрсетілетін көмектің сапасы мен сабақтастығын жақсартуға, мейірбикелер қызметінің тиімділігін арттыруға және денсаулық сақтау қызметтерінің профилактикалық бағытын күшейтуге ықпал етеді.

Диссертация автордың дербес зерттеу жүргізу дағдыларын, денсаулық сақтауды басқарудың күрделі үдерістерін талдау қабілетін және дәлелді шешімдер ұсыну мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық құндылығы және практикалық маңыздылығы PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Осы жұмыстың нәтижелері мейірбикелерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеуде, алғашқы медициналық көмекті жаңғыртуда және ауруларды басқару бағдарламаларын ұлттық деңгейде енгізуде пайдаланылуы мүмкін.

Қорытынды:

Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның диссертациялық жұмысы 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс қоғамдық қорғауға ұсынылады.

Шетелдік ғылыми кеңесші: /қол қойды/ Н.М. Террес, PhD

Құжаттың ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасын орындаған Алматы қ.,
Ақсай 1-А ы/а., 27-А үй, "Car City" бизнес орталығы, Б блогы, 45 кеңсе, тел.:
+7 705 466 3334, www.perevotta.kz, «Перевотта» аударма агенттігінің
аудармашысы Қанатқызы Мейірім.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Екі мың жиырма бесінші жылдың
он сегізінші қарашасы

 

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Екі мың жиырма бесінші жылдың
он сегізінші қарашасы.

Мен, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 28.12.2015 жылы
берілген №15022540 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет ететін Алматы
қаласының нотариусы Жакупжанова Айнур Алтаевна аудармашы
Қанатқызы Мейірім қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын.

Аудармашының жеке басы анықталған және әрекет қабілеттілігі тексерілген.

№2729 тізілімінде тіркелген.

Жеке нотариусқа төленген сома 2084 теңге



Нотариус



ST0505490251118125414D69744C

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия



Номири ва ҳаҷми
Пронумерован

Созилқатарган
прошнраравно

Нотариус

арақта страницах